

**Мырзабеков Ержан Есилбековичтің
6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы
бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін
алу үшін ұсынған диссертациясына**

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру

Зерттеудің мақсаты: болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыруды теориялық негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- «креативті тұлға», «болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті» және «болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындау» ұғымдарының мәні мен мазмұнын нақтылау;

- инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру.

Зерттеу әдістері:

- зерттеу мәселелері бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге, сонымен қатар жаратылыстану пәндері бойынша тұжырымдамаларға, білім стандарттарына, білім беру бағдарламаларына, оқулықтарға және әдістемелік құралдарға теориялық талдау жасау;

- бақылау, сауалнама жүргізу, сұхбаттасу, сабақтарға талдау жасау;

- айқындау және қалыптастыру эксперименттерін жүргізу.

- эксперимент нәтижелеріне математикалық-статистикалық өңдеу жасау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

1. *Креативті тұлға* – шығармашылыққа қабілетті, логикалық және стандартты емес ойлай алатын, инновациялық іс-әрекеттерді басқару процесінде қолданылатын интеллектуалдық белсенділігі дамыған адам. *Болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті* – жаңа білім алу, жаңа педагогикалық практиканы ендіру мақсатында білім сапасын арттыруға бағытталған оқыту технологияларының түбегейлі жаңа үлгілерін қабылдау, әзірлеу, қолдану, бейімдеу және дамыту. *Болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындау* – оның білім беру үдерісінде заманауи технологиялар мен әдістерді тиімді қолдана білу іскерлігін дамытуға; педагогикалық іс-әрекеттегі инновацияларды қабылдауға, игеруге, жүзеге асыруға және өзін-өзі дамытуға бағытталған біртұтас процесс.

2. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары (іс-әрекеттік, жүйелілік, тұлғалық-бағдарлық, пәнаралық, кешенді) мен ұстанымдарын (үздіксіз өсу, рефлексивтілік, контекстілік, дараландыру, оқыту

нәтижелерін өзектендіру, білім беру қажеттіліктерін дамыту) оларды инновациялық іс-әрекетке дайындау арқылы жүзеге асырумен сипатталды: мотивация (шығармашылық ұстаным), интеллектуалдық (дивергенттілік, өзгерістерге даяр болуы).

3. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру – бір-бірімен өзара байланысқан гностикалық-мақсатты, мазмұндық-процессуалды және прогностикалық-бағалау компоненттер жиынтығынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімді жүзеге асуын қарастырады. Модельдің негізгі блоктары, қалыптасу компоненттері мен өлшемдері өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы негізгі құрылымын көрсетеді.

4. Болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру әдістемесін *«Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі креативтілік»* атты элективті курсы, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастыру бойынша *«Жеке тұлғаның креативтілігін дамыту»* атты тренингтер жинағы, сонымен қатар Брейнштурминг, («Ойлаудың алты қалпағы», «Фокальды объектілер әдісі», «Миға кері шабуыл», «Аяқталмаған әдістер», т.б.), интербелсенді әдіс-тәсілдер («Степладдер», Скампер, Раунд-Робин) мен формалар (дивергентті және конвергентті ойлауға арналған практикумдар, тренингтер, практика және т.б.) практикаға ендірілуімен іске асырылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

-Болашақ мұғалімдерді жоғары оқу орнында инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде олардың креативті тұлғасын қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген;

- зерттеу проблемасының «креативті тұлға», «болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті» және «болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындау» негізгі ұғымдарының мәні нақтыланған және олардың мазмұны ғылыми тұрғыдан сипатталған;

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары, компоненттері, өлшемдері мен деңгейлері қамтылған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

- болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың диагностикалық, теориялық, практикалық кезеңдерден тұратын әдістемесі жасалған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дәлелденген.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы автордың бастапқы әдіснамалық және теориялық ұстанымдарымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің жиынтықтарын пайдаланумен, олардың зерттеудегі қойылған міндеттерімен және зерттеу логикасына сәйкестігімен; алынған тәжірибелік-эксперименттік нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістермен өңделуімен; зерттеу болжамының жұмыстағы нәтижелерімен расталуымен байланысты.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен; алынған деректердің дәлелдігімен, зерттеу әдістер кешенін пайдаланумен; тәжірибелік-эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, бастапқы және соңғы көрсеткіштер нәтижелерінің тиімділігімен, олардың кешенді ендірілуімен қамтамасыз етіледі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеу проблемасына қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, диссертациялық зерттеулерге жасалған талдау негізінде жеке тұлғаның креативтілігі, интеллектуалды белсенділігі және шығармашылыққа қабілеттілігінің мәні және болашақ мұғалімнің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен, психологиялық аспектілерінің негізделуімен сипатталады;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі ізденушінің креативті тұлға, инновациялық іс-әрекет мәселесі қарастырылған психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерді талдау барысында «креативті тұлға», «болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті» және «болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындау» ұғымдарын нақтылауда авторлық анықтамасын беруімен және оның мазмұнын негізді сипаттауымен айқындалады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде қалыптастырудың тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік кезеңдерден тұратын құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалуымен және гностикалық-мақсатты, мазмұндық-процессуалды, прогностикалық-бағалау компоненттері мен оған сәйкес көрсеткіштері, деңгейлерінің анықталуымен дәйектеледі.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі «Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі креативтілік» атты элективті курс мазмұнының жасалуымен және «Жеке тұлғаның креативтілігін дамыту» атты тренингтер жинағының құрастырылуымен, болашақ мұғалімдердің креативті тұлғасын инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде диагностикалық, теориялық, практикалық кезеңдермен қалыптастырудың әдістемесі тәжірибеден өтіп, оң нәтиже беруімен дәлелденеді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім мен тәрбие беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бұл үдеріс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, дағдыларды меңгеруді, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі еліміздің білім беру жүйесін жетілдірудің жаңа бағдары инновациялық білім беру субъектілерін даярлауды талап етеді. Университет студенттерінің қоғамдық өмірдің өзіндік дамуы мен қалыптасуының субъектісі ретінде инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау және оның ішкі тетіктерін табу аса маңызды.

Зерттеудің басты идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі» туралы заңы және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасында айтылған негізгі міндеттерді жүзеге асыруға сәйкес келеді. Бұл өз кезегінде зерттеу мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесіне сипаттама:

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 13 мақала жарық көрді. Соның ішінде 1-eуі Scopus деректер қорына енетін басылымда:

1. Pedagogical conditions offormation of creativity at future teachers. Skopus. Opción, Año 35, Regular No.90 -(2019): -790-814 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. <https://doi.org/10.29333/iejme/3997> (A.Zholdasbekov, A.Septemirova, E.Myrzabekov, Y.Kozybaev, K.Zholdasbekova, G.Mussabekova. 60%). Мақалада болашақ мұғалімдердің креативтілігін қалыптастыру арнайы көрсетілген педагогикалық шарттар негізінде жүзеге асырылатындағы қарастырылған.

Білім және ғылым саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала жарияланды:

2. Студенттердің креативті тұлғалығын дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшелігі. Ясауи Университетінің хабаршысы ғылыми журналы. - Түркістан. -2019. -№1 (111). Б.102-109. (Қосалқы автор А.А.Жолдасбеков.60%). Мақалада ЖОО студенттерінің креативті тұлғасын дамыту психологиялық және педагогикалық тұрғыда сипатталып, олардың ерекшеліктері қарастырылған

3. Болашақ бакалаврды кәсіби даярлаудағы кретивті психологияның орны. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. -Шымкент. -2020.-Б.150-152.(Қосалқы автор Ж.С.Сихынбаева.70%). Мақалада болашақ бакалаврларды ЖОО-да кәсіби даярлау үдерісінде психологиялық факторлар ерекше қарастырылған. Сондай ақ студенттердің креативті тұлғасын қалыптастырудығы психологиялық функциялар сипатталған.

4. Понятие креативного потенциала в психолого-педагогическом аспекте. Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал. -Алматы. -2020. -№ -5/4. -С.157-161.(Қосалқы автор Ж.С. Сихынбаева 60%). Мақалада студенттердің креативті потенциалын қалыптастыру психологиялық-педагогикалық аспектілер тұрғысында қарастырылады. Әсіресе креативті тұлға мәселесі баса сипатталады.

5. Студенттердің креативті тұлғалығын жаңартылған оқыту негізінде арттыру. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. -Алматы. -2020. -№5/4.-Б.161-165. (Қосалқы автор Ж.С.Сихынбаева.70%). Мақалада қазіргі күнгі білім беру мекемелеріндегі жаңартылған білім беру мазмұнының тиімділігін арттыру мәселелері баяндалған.

Шет елдік және отандық халықаралық конференция материалдарында 8 мақала жарық көрді:

6. Тұлғаның креативтілігі мен белсенділігі рухани жанғырудағы басты фактор. Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті психология бөлімінің ашылуының 30 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Заманауи әлемдік психология. -Алматы. -2018. -Б.162-164.(Қосалқы автор А.А.Жолдасбеков.60%). Мақалада рухани жаңғыру тұрғысында болашақ мұғалім тұлғасының креативтілігі мен белсенділігін сипатталып , оны қалыптастырудағы негізгі факторлар қарастырылады.

7. Болашақ педагогтардың креативтілігін дамудың психологиялық педагогикалық негіздері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Сырдария университеті. -Жетісай. -2018.-Б.138-142. (Қосалқы авторлар А.А.Жолдасбеков, А.Ж.Септемирова, З.Е. Шагатаева.50%). Мақалада психологиялық-педагогикалық тұрғыда болашақ педагогтардың креативтілігін дамыту мәселелері сипатталып , нақты теориялық мәселелер қарастырылған.

8. Рухани жаңғыру аясында студент жастардың креативтілігі мен белсенділігін арттыру. «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ. -Алматы, -2019. -Б.558-561(Қосалқы автор А.А.Жолдасбеков.70%). Мақалада студенттердің креативтілігі мен белсенділігін арттыру мәселесі қарастырылған.

9. Современная интерактивно-креативная образовательная технология обучения. Материалы межд. конф. «Актуальные проблемы естествознания и естественнонаучного образования» 7-8 ноября. -Кызылорда. -2019. -С.212-214.(Қосалқы автор А.А.Жолдасбеков.70%). Мақалада білім берудегі қазіргі интерактивті әдістер креативтілікті арттыру мәселесінде қарастырылған. Әсіресе білім беру технологиясы креативтілікті арттыру мақсатында баяндалады.

10. Технология и методы формирования креативного мышления студентов. Ташкентский государственный педагогический университет им.Низами. -Ташкент. -2020. -С.34-37.(Қосалқы автор Д.И.Рузиева.60%). Мақалада студенттердің креативтілігін қалыптастыру технологиясы мен әдістері олардың креативті ойлау функциясын ескере отырып жүзеге асыру мәселесі баяндалады

11. Инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде болашақ мұғалімдердің креативтілігін дамыту. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған “Қуатбеков оқулары-1” атты халықаралық конференция.-Шымкент. -2021. -Б.168-171.(100%). Мақалада болашақ мұғалімдердің креативтілігін инновациялық іс-әрекетке дайындау процесінде дамыту қарастырылған. Сондай ақ арнайы педагогикалық шарттар сипатталған.

12. Возможности профессиональной подготовки будущего учителя к инновационной деятельности в формировании креативности. Международная научно-практическая конференция: Наука и инновации. - Польша. -2021.-С. 26-29. (100%). Мақалада болашақ мұғалімдердің креативтілігін қалыптастыруда олардың кәсіби даярлығы кезіндегі инновациялық іс-әрекетін ескеру басты мәселе ретінде қарастырылады.

13. Инновационные процессы в педагогическом образовании как основа развитие креативности будущего учителя. Международная научно-практическая конференция: Вопросы образования и науки. - Россия. -2021. - С.112-115. (100%). Мақалада болашақ мұғалімнің креативтілігін дамытуда педагогикалық білім берудің инновациялық үдерісі басты роль атқаратындағы туралы мәселелер қарастырылады.